

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмабаев Мағжан. Шығармалары- Алматы: Жазушы, 1989-448б.
2. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000
3. Кәкішұлы Т. Дала дауылпазы.- Алматы: Қазығұрт, 2005-409б.
4. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің өркемдік даму арналары. Сын-зерттеу. –Астана: Елорда, 2001-312б.
5. Ахметов З. Казахское стихосложение.- Алматы: Наука, 1964- 409б.
6. Сейфуллин Сәкен. Таңдамалы.- Алматы: Жазушы, 1987- 302б.
7. Қирабаев С. Тәуелсіздік өрісі. I том.-Алматы: Қазақпарат, 2008-250б.
8. Ысмаилов Е. Ақын және революция. - Алматы: Ғылым, 1964 – 343б.
9. Кәкішев Т. Мағжан мен Сәкен.– Алматы, Қазақ университеті, 1999
10. Бушмин А. Преемственность в развитии литературы.- Л.: Наука, 1975

\*\*\*

*В статье автор анализирует ритмико-интонационные системы поэзии Магжана Жумабаева и Сакена Сейфуллина. Также определяются новаторства и тенденции этих поэтов в системе стихосложения.*

\*\*\*

*The author analyses rhythmic-intonational system of Magzhan Zhumabaev and Saken Sefullin's poetry. And also innovation and tendencies of these poets in the system of versification.*

ӘОЖ 81-112:81.512.122

**Исина Ж.А.**

*Қазақ-орыс халықаралық университеті,  
Ақтөбе қ.*

**ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ МӘДЕНИАРАЛЫҚ  
КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР БОЙЫНДАҒЫ  
КӨРІНІСІ**

(XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)

Белгілі бір тілде сөйлейтін халық, не ұлт тарихи қалыптасу кезеңінде басқа халықтармен қарым-қатынаста болып отырады. Көне түркі дәуірінен кейінгі XI-XV ғасыр аралығындағы жазба дүниелер - аралас түркі тілдері (тайпа тілдері) негізінде жазылғаны бүгінгі таңда нақтыланған мәселе. Бұның себебін ғалым М.Сабыр былай түсіндіреді: «Бір қауымда өмір сүрген тайпалар тілдерінде өзіндік ерекшелік болғанмен, бір-біріне өте жақын болған. Саяси әлеуметтік жағдайлардың әсерінен тығыз қарым-қатынаста болған тайпалар өкілдері бір-бірін оңай түсінген. Бір саяси одаққа біріге калған жағдайда үстем тайпаның тілі ықпалды орын алып, басқа

тілдер сол тайпаның тіліне көшуге мәжбүр болған» [1,316]. Алайда тілдің дамуы мен қалыптасуына ішкі факторлармен (түркі тілдерінің өзара араласуы) қатар сыртқы факторлар да әсер етеді. Бұл жерде сыртқы фактор деп отырғанымыз – көршілес елдерден енген кірме сөздердің белең алуы. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде басқа тілдерден енген сөздер көптеп кездеседі. Мұнда араб және парсы тілдерінің аса мол қоры орналасқан.

Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған ортағасырлық жазба ескерткіштері тілінде кірме сөздер мен кірме тұрақты тіркестер кездеседі, олардың қазақ тілінің лексикалық қорын байытуда да өзіндік үлесі бар деп айтуға болады.

Кіркелік құбылыстың ерекшеліктерін анықтауда Г.Сағидолда өзара қарым-қатынастағы елдердің арасында бола беретін құбылыс екендігін, ұлт тілінің дамуына аса қауіп төндіре қоймайтын мәселе екендігін айтып өтті: «Тілдік кіркелік құбылысы дегеніміз – тіларалық қарым-қатынастың нәтижесінде бір тілден екінші бір тілге тілдік элементтердің енуі, өзара қарым-қатынасқа түсуші тілдердің арасында бола беретін тілдік ауыс-түйістер» [2, 56].

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, XI-XIV ғасырлардағы түркі тіліндегі әдебиеттер аралас тілде жазылған.

«Орта ғасыр ескерткіштері тілдерінің аралас келуінің бір себебі мынада: сол кездегі жазушылар мен ақындар қалыптасқан белгілі бір әдеби дәстүрді ұстанғанымен, өз тарапынан шығармасына өзі сөйлейтін диалектідегі сөздерді де енгізіп жіберіп отырған. Сондай-ақ көшірмешілердің де өзіндік қолтаңбасы болған» деген Б.Сағындықұлының пікіріне сүйенсек, шындығында әр жазушыны мен ақынның өзіндік жазу стилі мен авторлық құқығының барлығын ескерсек, ғалым сөзінің астарында шындықтың жатқандығын аңғарамыз [3,21]. Зерттеу барысында ескі қыпшақ тілінде кірме элементтердің көптеп кездесуі ғалым пікірінің бұлтартпас шындық екенін аңғарамыз.

Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың халық болып қалыптасуынан көп бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезінен басталады. Жазба жәдігерліктер тілін зерттеу барысында араб, парсы сөздерінің қазақ тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігін қамтитынын анықтадық. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тілінде қолданылуы жағынан да әр түрлі дәрежеде.

Кіркелік құбылыс VIII ғасырда арабтардың Орта Азияны жаулап алып араб мәдениетін, ислам дінін таратуынан бастау алды.

Осының нәтижесінде әдебиетте, ғылыми еңбектерде, сауда, әкімшілік басқару жұмыстарында араб тілі үстемдік ете бастайды. Осы кезеңде көптеген араб сөздері тілімізге кірме сөз ретінде кіре бастады. Оныншы ғасырдан бастап парсы сөздері ене бастады. Алайда кейінгі дін уағыздау кезеңіне байланысты араб тілі өз ықпалын сақтап қалды.

Орта ғасырларда түркі халықтарының парсы тілінде сөйлейтін көршілес халықтармен, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде арабтармен де, әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға байланысты тығыз қарым-қатынас жасап, араласып отырған. Оқу араб және парсы тілдерінде жүргізілген. Сондықтан аталған ескерткіштерге араб-парсы сөздерінің енуін заңды құбылыс деп қарауға болады.

«XIII-XIV ғасырларда араб-парсы тілдерінің ықпалы өте күшті болды. Ислам дінімен бірге араб тілі, араб әдебиеті Орта Азияда еркін үстемдік жасады. Ата тегі түркі халықтарынан, бірақ арабша, парсыша өлең жазатын ақындар XIV-XV ғасырда өте көбейді» деген ғалымдар пікірі Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілінің авторларына бағыттап айтылған [4,98].

Орта ғасырларда түркі халықтарынан шыққан ақын-жазушылар ана тілімен бірге араб-парсы тілдерін жақсы білген. Бұл туралы В.В.Бартольд былай деп жазды: «В мусульманский период даже авторы туркестанского происхождения писали или на арабском, или на общее персидском литературном языке ...» [5,39]. Яғни, авторлар таза түркі тілінде жазуды мақсат етпеген тәрізді.

Жазба жәдігерліктер тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігін араб, парсы сөздері құрайды. Бірнеше ғасыр бойы түркі тілдеріне енген араб-парсы сөздерінің сiңiсiп кеткенi соншалық, тiптi олар түркі сөздері сияқты боп ұғынылады.

Көне қыпшақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің морфологиялық құрамы сол тілдің нормасына сәйкес едәуір өзгеріске ұшырап, содан соң белгілі бір формада қалыптасып ауызекі сөйлеу тілінде де, тіпті көркем әдебиетте де ұшырасып отырады. «Тілдердің араласуы географиялық көршілестік, саудасаттық пен мәдениет байланысы, сол сияқты, әр алуан тайпалар мен халықтардың тоғысуы сияқты жағдайларға байланысты туады. Дегенмен, ол әрқашан тілдің тұрақтылығын, оның өміршең екендігін көрсетеді. Қандай араласу болса да, аралас тілдің негізі болған тілді әр уақытта айырып алуға болады» деген А.М.Щербактың пікірінің маңызы зор [6,7].

Біздің мақсатымыз араб-парсы сөздерін бойына сіңірген тұрақты тіркестерді, олардан туындаған бейнелі ойды мәдени коммуникация деңгейінде зерделеу болмақшы.

Ескерткіш тіліндегі тұрақты тіркестер бойындағы кірме элементтердің сіңісу деңгейіне қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Компоненттерінің барлығы кірме элементтерден тұратын тұрақты тіркестер.

2. Құрамындағы сөздердің біреуі ғана кірме элементтен болған тұрақты тіркестер. Аталған ерекшеліктердің алғашқысына тоқталсақ:

1. Компоненттерінің барлығы кірме элементтерден болған тұрақты тіркестер:

«Мұхаббат-намеде»: *Тах махбубін* сұлтан йаратты (23в5), - деген өлең жолы бар.

Діни әдебиеттерде де, араб тілінде де Мұхаммед пайғамбарды және бүкіл адамзатты «махбуб» деп атайды. *Тах махбубі* – араб тілінен аударғанда «тақ иесі» деген мағына берсе керек.

Тарылды ерсә андин *жәһл сүси* (XIII, 8a12) – Надандықтың қаупі азайды. «*Жәһл сүси*» - араб тілінен аударғанда «надандық сұсы» деген мағынаға ие. Жәһл және сұс сөздерін оқырман қауым көп түсіне бермейді. Бұл ретте қазақ фраземикасының кешенді мәселелерін зерттеген Р.А.Авакованың: «Тілдің сөздік құрамының толығыуы өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы ғана емес, сонымен қатар сөз байлығы өзге тілдер элементтерін кіргізу арқылы да жүзеге асырылады. Қазақ тілінің фраземалық қоры тарихи-әлеуметтік жағдайлармен тікелей байланысты араб, парсы, моңғол тілдерінен енген сөздермен толыққан. Фразема құрамындағы қазіргі сөйлеушіге түсініксіз, мағынасы күңгірт сөздердің шығу төркіні мен фраземалық уәждері алтайлық, көне түркілік, орта ғасырлық тарихи кезеңдермен тікелей байланысты [7,41] деген тұжырымымен сәйкес келеді.

Бір қалыпта тұрақтап, қалыптасқан сөз тіркестерінің негізгі бөлігі қазақ тіліне мұсылман дінімен бірге, сол арқылы енген еді.

*Баракә аллаһ* (алла сені жарылқасын) – бәрекелді. Бәрекелді – біреуді мадақтау, мақтау, көңілін көтеру үшін айтылатын сөз. Түгел адам баласы я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтуғыны болмайды (Абай).

*Ишқ нары* – (араб тілінен ауд.) сүйіспеншілік оты. Йақылды хирманынға *‘ишқ нары* (ХШ, 12363) - Оның қырманьында сүйіспеншілік оты жағылды.

*Халайық қыбләсы* – халық құбыласы. *Халайық* (араб тілінен ауд.) – көпшілік, жиылған жұрт деген мағынаны береді. *Құбыла* сөзі араб тілінен ислам дінінің өркен жаюына байланысты кірсе керек. *Халайық қыбләсы* болды жәмалин (Мн, 53) - көркің халық құбыласындай, яғни көркің халықтың назарында деген мағынада.

*Йусуф жамалы* – Жүсіп жамалы, яғни тіл жетпес сұлулық деген мағынаны береді. Джәмал (араб тілінен ауд.) - әдемілік деген мағына береді. *Йусуф жамалын* сизгә берди (ХШ, 23а11) - құдай сізге Жүсіптің сұлулығын берді. Орта ғасырдағы Рабғузидың «Қисас ул-әнбийа» шығармасындағы «Шыншыл Жүсіп» қиссасы шығыс халқы мен түркі жұрттарына жақсы таныс. Жүсіптің сұлулығы бүкіл әлемді таң қалдырды. Осыдан кейін орта ғасыр ақындары мен жазушылары өз шығармаларында Жүсіп жамалын сұлулықтың символы ретінде қолдана бастады. «*Жамал*» сөзі тек ескерткіштер тілінде ғана емес, қазақ ақын-жазушыларының тілінде де қолданыс тапқан.

Жем, *жамалың* қандай ақ рузи маған (Абай).

2. Құрамындағы сөздердің біреуі ғана кірме элементтен болған тұрақты тіркестер:

*Сабыр қылды* – шыдады. Не қылсун чарасыз соң сабыр қылды (НФ, 71р-10) – не қылсын шарасыздан сабыр қылды. Сабыр – араб тіл. ауд. 1. шыдам, тағат, төзім, шыдамдылық, төзімділік, көнбістік, беріктік; 2. күту, тосу.

*Салам берді* – амандасты, көрісті. Саламун – араб тіл. ауд. 1. бейбітшілік, қауіпсіздік, сәттілік 2. жүздесу, амандасу. Қазақ тілінде қолдану аясы тарылып, тек жүздесу, амандасу мағынасында қолданылады.

*Сахіб қіран* (ХШ, 72в3)– сайыпқыран (араб тілінде) – 1. қос жұлдызы оңынан туған 2. аса бақытты; 3. заманның қаһарманы; 4. ауыс. ерлер, батырлар деген бірнеше мағынаға ие. *Сайыпқыран* (арабтың) - сахіб (серік, жолдас, дос, ие, кожа) және қіран (тоғысу, қосылу, одақтасу) деген сөздерінен қосылуынан белгілі бір ауыспалы мағынаға ие болған. *Сайыпқыран* деген атақ бірінші рет Ақсақ Темірге берілген. *Сайып қыран* тіркесі қазіргі қазақ тілінде ер жүрек батыр мағынасында қолданылады.

Аны издәйү, *‘ақлым кезди афлак* (ХШ, 4а12) - оны іздеп ақылым әлемді кезді. *Кезди афлак* – арабша: әлемді кезу [8, 51].

*Сухбат тәрки қылыб* - Әңгімеден қашып, әңгімені құрбан қылып.

Ол тарихдән бери *тәрки сухбат қылыб* ‘узлат ихтийар еттим (Г,102) - осы оқиғадан кейін әңгімеден безіп, жалғыз жүретін болдым. *Сухбат* араб тілінен аударғанда әңгіме, пікірлесу мағынасын берсе, *тәрки қылу* – жоққа шығару деген мағынаны береді.

*Тарк етті* - бәрін жоққа шығару, өмірден түңілу.

Бенделіктің олқылығы әумелікпен болатұғын болса, адам *тәркі дүние болып* ойран болса керек (Абай) [8,277].

*Авара қылды* тіркесі – (араб тілінен ауд) ауарә, әуре 1.қаңғыбас, қаңғыма, кезбе; 2. бос, нәтижесіз әрекет: әуре болу, босқа әрекеттену, құр әбігер болу деген мағыналарды береді [8,336].

*Ант ічті* тұрақты тіркесі – (араб тілінен ауд) Серт, уәде, касам (діни) деген діни ұғымды білдіреді [8,32].

*Захм урды* – зиян келтірді. Зәхм (парсы тілінде) - жара, жарақат мағынасын береді [8,154]. Бұл тіркес тілімізге сiңісіп, зақым қылды тұрақты тіркесі түрінде жиі ұшырасады. *Захм урды* – зақым қылды, зиянын тигізді. Яман көзлүг бақыб захм қылмасун (Мн, 13р-36) – жаман көзді біреу қарап, зақым қылмасын. Бұл тұрақты тіркес қазақ тіліндегі жазушылар мен ақындар тарапынан да қолданыс тапты.

*Зақым қылса*, ал бір-ақ,  
Ағаш қалар, семер де.  
Жылдағыдай балбырап,  
Жемісі қайта өнер ме? (М.Ә).

*Зақым қылу* - жарақаттау, қастық жасау [ҚТФС, 213].

*Шад қылды* – қуантты. *Шад* парсы тілінен аударғанда - жайдары, ашық жүзді, көңілді, қуанышты, мәз деген мағына береді [8,175].

*Шүкүр қылды* – осы күніне аллаға алғыс айтып, тәубе қылды.

Шокр (парсы тілінен ауд.) - алғыс айту, мақтану деген мағынаны береді [8,310].

*Хипчә бел* – жіңішке бел. *Қытия* (парсы тілінде) 1.Әсем, көркем; 2. Жұқа, жіңішке; 3. (ауысп.) нәзік, сәнді, сыпайы [8,114].

Араб, парсы сөздері жеке лексикалық элементтер түрінде және сөз тіркестері күйінде мүлдем басқа жүйедегі қазақ тілінің құрамына ене отырып, өздерімен бірге өз морфологиялық формаларын қазақ тіліне ала келді. Араб және парсы тілінің

мұндай морфологиялық формалары қазақ тілінің нормаларына сәйкес қазақ топырағында өзгеріп, қайта қалыптасты.

Ескерткіштер тілінде араб тілінен енген элементтер көптеп кездеседі. Бұл жөнінде зерттеуші ғалымдардың пікірі мынадай: «Батыс Еуропа халықтары үшін латын тілі қандай рөл атқарса, араб тілі де Таяу және Орта Шығыс халықтары үшін сондай қызмет етті деуге болады. Бұл халықтардың тіліне, әсіресе лексика саласына араб тілі орасан зор ықпал етті. Тап осы күнге дейін түрік, парсы, ауған (пушту), т.б. кейбір тілдердің сөздік құрамында араб сөздері көптеп қолданылып келеді» [9, 5-6] десе, башқұрт тіліндегі кірме элементтерді зерттеген Н.К.Дмитриев араб тілінің кез келген ұлт тілінің заңдылығына тез бейімделіп сіңісіп кету қасиетінің әсерінен лексикалық қор толығып отырады деген тұжырымға келді: «Араб тілінің түркі тілдерімен арақатынасы бұл сөздің мағынасында тілдердің әдеттегі өзара ықпал ету шеңберінен шығып кетеді. Мұнда біз түркі тілдерінің байырғы сөздігіне сырттай ғана қат-қабат қосылып жатқан араб лексикасын емес, қайта одан да гөрі терең, әрі мейлінше табиғи процесті көріп отырмыз. Араб элементтері тұтас түркі тілдері үшін нәр алатын тамырлардың бірі болып табылады» [10, 131].

*Құрбан қылды (арабша)* - мұсылман халқының құдай алдында құрбандық шалуына байланысты туған тіркес. Алғашында тура мағынада қолданылған тіркес, бірте-бірте ауыспалы мәнге ие болған [8,170].

*Рахім қылды* – жақсылық жасады. *Рахим (арабша)* – кайырымды, мейірімді, рақымды, кіші пейілді, ізгі ниетті, шапағатты деген мағыналарды береді [8,190].

Кірме сөздер тілді стилистикалық тұрғыдан байыта түседі, сөйлемдегі тұрақты тіркестерді саралау қызметін атқарады. Өзге тілдің сөздік қорынан өзіне сөз қабылдау - әрқашанда сол қабылдаушы тілдің әлсіздігінің дәлелі емес. Басқа тілден өз құрамына сөз қабылдаушы тілдің лексикалық тұрғыдан жаулап алу қасиетіне ие екендігін де байқауға болады.

Ескерткіштер тілінде «Ақыл» сөзіне байланысты «ақыл кулақы, ақыл тізгіні, ақылы кетті» деген тұрақты сөз тіркестері кездеседі [11, 12]. Ғақыл (عقل) –1) ес, сана; ұғу, ой; 2) даналық. «Ғақыл» сөзі қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, «ақыл» сөзі түрінде қолданыс тапқан.

*Зулум қамчысы* – зұлымдық қамшысы. *Зұлым (арабша) ظالم* – езу, жаншу, жәбірлеу, қысым, зорлық. Араб тілінен енген «зұлым»

сөзі этномәдени, қазақи сипаттағы қамшы сөзімен тіркесіп, тың қолданысқа ие болған. «Зұлым» кірме сөзі тілімізге сіңісіп, төл сөздерімізбен қатар қолданыла береді.

Хор болды жаным,  
Сенсіз де менің көрген күнім,  
Бек бітті халім,  
Тағдырдан келген зұлым (Абай).

Әлемдегі басқа да тілдер секілді қазақ тілінің сөздік құрамы да күрделі болып келеді, ол өзі қазақ тілінің байырғы төл сөздерінен және шеттен ауысқан элементтерден тұрады. Ал шет тілінен енген кірме сөздер орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілінен бастау алып, кейінгі қазақ әдеби тіліне дендеп ене бастаған.

Жалпы бір тілден екінші тілге сөз ауысу мәселесі халық пен халықтың өзара қатынасы нәтижесінде жүзеге асады. Кірме сөздер тарихи жағдайлардың ықпалымен де басқа тілден енуі мүмкін. Екі халық арасындағы экономикалық, мәдени және саяси қарым-қатынастардың тығыз болуы, тілдерде лексикалық кірме элементтердің көбеюіне әсерін тигізеді.

Кірме сөздер ұлт санасындағы дүниетанымның өзгеруіне, қалыптасып дамуына әсер етеді. Б.А.Серебренниковтың пікірінше, «Кез келген кірме сөздің пайда болуы дүние бейнесіндегі болып өткен немесе болып жатқан өзгерістерден хабар береді. Жаңа ұғымның басқа тілден енуіне байланысты дүние бейнесі кеңі түседі» [11, 85]. Кірме сөздер көп жағдайда көрші елдерден келген заттар мен ұғымдардың атауларымен бірге енеді. Ол елде сол заттар мен ұғымдарды беретін атау болмағандықтан, басқа тілден ауысқан лексикалық элементтерді өзінің сөздік құрамына қабылдауға мәжбүр. Бірсыпыра араб, парсы сөздері қазақ тіліне жаңаша атау әкелмеді, себебі кейбір заттар мен ұғымдардың атауы қазақ тілінде баламасы бар, халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын сөздер болатын.

Араб және парсы сөздері тарихи, әлеуметтік, саяси және экономикалық факторлардың ықпалымен қазақ тіліне ауысып отырды. Ал, тілдің өзгеріп, дамуы – қоғамның дамуына тікелей байланысты болып келеді. Жәдігерлік тіліндегі араб-парсы сөздерінің басым бөлігі әдеби тілімізге ертеден еніп, әбден сіңісіп кеткендігі байқалады. Олар қазіргі қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына толық бағынып, соған сәйкес фонетикалық және грамматикалық өзгерістерге ұшырап отырады. Жазба ескерткіш тіліндегі араб, парсы сөздері семантикалық, яғни мағыналық



жағынан да өзгеріске ұшыраған. Араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуы сан ғасырларға созылған ұзақ та күрделі процесті камтып, мәдени коммуникацияның жанды көрінісін көрсете білді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 б.
2. Сағидолда К. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны, ф.ғ.д. Алматы, 2004
3. Сағындықұлы Б. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің тілі [XIҮҒ салыстырмалы лексикасы], оқу құралы. Алматы, 2006. - 21б.
4. Исхаков Ф.Г. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. – Москва: АН СССР, 1955. – 322.
5. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Т.4. Москва, 1968. 39.
6. Щербак А.М. очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., 1977. - с7.
7. Авакова Р.А. Қазақ фраземикасының кешенді мәселелері // Отражение ментальных представлений в языке (материалы межд научно-практ. конф). Ақтобе, 2008. - с. 41.
8. Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов.
9. Ковалев А.А., Шарбатов Г.Ш. Учебник арабского языка. М., 1960. 5-6б
10. Дмитриев Н.К. Арабские элементы в башкирском языке. Л., 1930, ЗКВ, т.5.
11. Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление, – М., 1989. – 244 с.

\*\*\*

*В средневековых письменных памятниках встречаются много вводных фразеологизмов. Особое значение в развитии лексического состава казахского языка имеют фразеологизмы, заимствованные с арабско-персидских языков.*

\*\*\*

*A lot of parenthesis in phraseological units are met in the medieval written monuments. Phraseological units have a great importance in developing lexical composition of the Kasakh language.*